

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	Ауданның тазалығы – өзіңнен бастау алады
<b>Бастамашылар:</b>	Балқыбеков Әбдіқазы Құтыбеков Қайсар Береке Батырхан Атаханов Тлеуімберді
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	Наурыз – Қазан 2021 жыл
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<p>1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы</p> <p>Жетінші сын-қатер – Үшінші индустриялық революция</p> <p>Адамзат Үшінші индустриялық революция табалдырығында тұр, ол өндіріс ұғымының өзін өзгертеді. Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз.</p> <p>Цифрлық және нанотехнология, регенеративтік медицина және басқа да көптеген ғылыми жетістіктер қоршаған ортаны ғана емес, адамның өзін трансформациялап, күнделікті ақиқатқа айналады. Біз осынау үдерістердің белсенді қатысушылары болуға тиіспіз.</p> <p>2. *Проблема (статмәлімет, соңғы жылдар динамикасы т.б.)</p> <p>Аудан әкімдігінің 2020 жылғы 20 тамызындағы №440 қаулыны орындау мақсатында іс-шаралар жоспары бойынша жалпы Шу қаласы мен 18 елді мекендерде 76 тонна жоспардағы кездейсоқ күл-қоқыстарды шығару жоспарланып 100% орындалды. Саябақтар мен скверлерді тазалау жұмыстары 186 мың шаршы метр жоспарланып 100% орындалды.</p>

<b>Жобаның өнімі</b>	Фандомат – пластикалық және алюминий бөтелке қабылдайтын автомат
<b>Жобаның SMART мақсаты</b>	2021 жылғы 1 наурыздан 2021 жылғы 1 қараша айлары аралығында Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылының Орталық саябағында және Шу қаласының Базар маңынан 2 фандомат орнату
<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жергілікті атқарушы органнан рұқсат сұрау</li> <li>2. Мердігерлерден қаржы көздерін тарту</li> <li>3. Фандоматтарды орнату</li> </ol>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	Айына барлығы 200 кг болатын пластикалық және алюминий бөтелкелер жинау
<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жергілікті атқарушы органы</li> <li>2. Мердігерлер</li> <li>3. Шу ауданы әкімдігінің ТКШ, ЖК және АЖ бөлімі</li> <li>5. Жеке кәсіпкерлер</li> <li>6. Шу ауданының тұрғындары</li> </ol>
<b>Жобаның шектеулері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жоба 8 ай ішінде ауылдың бөтелкелерден ластануын азайту</li> <li>2. Жобаның құны 3 млн</li> <li>3. 2 фандомат</li> </ol>
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Вандализм</li> <li>2. Ақаулы (бракованный) фандоматтар</li> <li>3. Фандоматтың істен шығуы</li> <li>4. Табиғи қауіп-қатер</li> <li>5. Дұрыс қолданбау</li> </ol>

Пластикалық және алюминий бөтелкелерді қабылдайтын автоматтар Батыста кең тараған. Пластикалық және алюминий бөтелке қабылдайтын автоматтарды («пластикалық құтыға» 5 теңге және алюминий банкаға 20 теңге) – фандоматтар деп атайды. Олардың атауы немістің «pfand» - «кепіл» сөзінен шыққан. Интеллектуалды «қабылдау контейнері» бөтелкенің салмағы мен көлемін анықтайды, ал сканер 30 мың штрих-кодты тани алады және объектіні дәл анықтауға мүмкіндік береді. Автоматтың бірқалыпты жұмыс істеуі үшін тұрақты температура мен ылғалдылықты сақтайтын микроклимат жүйесімен жабдықталған. Фандоматтар Германияда шығарылады және олардың құны теңгемен 1,5-2 миллионды құрайды.

Фандоматты орнату және қосу оңай, шағын аумақты алады, қарапайым және ыңғайлы интерфейске ие. Фандоматты жылдың кез келген уақытында ғимараттардың ішінде болмаса көшеде де қолдануға болады.

Бұл проект Шу ауданы әкімдігінің рұқсатымен және жеке кәсіпкерлердің қаржыландыруымен жұмыс жасайды. Әлемдік тәжірибе бір нәрсені айғақтайды: қайта өңдеу тізбегіндегі әлсіз буын - жинау және сұрыптау. Сол себепті барлық жерде дерлік осы міндетті орындау үшін аудандық немесе мемлекеттік деңгейдегі билік органдарынан субсидиялар мен қолдау қажет етіледі.

Біздің аудан орталығында және саябақта су мен сырадан қалған бос бөтелкелерге толып жатқан қоқыс жәшіктерін көріп жатамыз. Көптеген адамдар, әсіресе, жастар судан қалған бос бөтелкелерді дәл қоқыс жәшігіне емес оның жанына лақтыра салады. Ал кейбіреулері болса, бөтелкелерді кез келген жерге тастап кете береді. Сондықтан адамзат он жылдан астам уақыттан бері қоршаған ортаны ластайтын қаптамалар мен бөтелкелермен күресіп келеді. Ғалымдар жүргізген зерттеулердің нәтижелері бойынша пластиканың ыдырауы екі жүз жылға жуық уақыт алады деген біржақты тұжырым жасалды. Интернетте пластиктерді сатып алу және сату туралы жарнамалар толып жатыр. Пластикалық бөтелкелердің үлкен көлемі қоқыс жәшігіне лақтырылады. Әрі қарай құнды шикізаттар қалалық қоқыс полигондарына төгіліп, қайта өңдеуден орнына жылдар бойы сол жерде шіріп жатады. Осының алдын алу және ауданның экологиясына қамқорлық жасаудың тиімді әдісі фандоматтарды орнату деп білеміз. Адам бөтелкені өткізгенде – оған автоматтан сағыз беріледі. Бұл әдіс адамдарды көбірек ынталандырады. Фандомат орамнан (упаковка) штрих-кодты оқып, бөтелке немесе банка екенін анықтайды....

Қазіргі уақытта Қазақстан пластикалық қалдықтарды қайта өңдеу және қабылдау саласы ойдағыдай дамып келеді. Қайта өңделуге ең көп таралған пластикалық бұйым бұл – бөтелкелер.